



Қазақстан 2050

## I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2014 жыл, 2-12 сәуір

«ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ:  
ДӘУІР СҰХБАТТАСТЫҒЫ»

I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ФОРУМЫНЫҢ

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы, Қазақстан, 2014 жыл, 2 сәуір

## I МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 2-12 апреля 2014 года

### МАТЕРИАЛЫ

I МЕЖДУНАРОДНОГО ФАРАБИ ФОРУМА  
«АБУ НАСР АЛЬ-ФАРАБИ В ДИАЛОГЕ ВРЕМЕН»

Алматы, Казахстан, 2 апреля 2014 года

## I INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 2-12 April 2014

### MATERIALS

of the I INTERNATIONAL FARABI FORUM  
«ABU NASR AL-FARABI  
IN DIALOGUE OF TIMES»

Almaty, Kazakhstan, 2 April 2014



<b>Молтобарова К. И.</b> Әл-Фараби шығармашылығындағы мәңгі мәселелердің үйлесімдігі .....	103
<b>Нұрмұратов С. Е.</b> Әл-Фараби рухани мұрасын зерттеудің методологиясы хақында .....	108
<b>Сүлейменов Т.А., Рахимшикова М.К.</b> Антропоцентристская идея Абу Насра аль-Фараби и современность .....	114
<b>Сүлейменов П.М.</b> Социально-политические взгляды Абу Наср аль-Фараби .....	118
<b>Тулешов В.У.</b> Диалог культур и столкновение цивилизаций в контексте современной международной политики.....	128
<b>Шпилькин Ю.И.</b> Евразийская интеграция в диалоге культур .....	134

**2 секция ӘЛ-ФАРАБИ – УНИВЕРСИТЕТТІҢ МӘДЕНИ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ РӨМІЗІ:**  
**AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY**  
**Секция 2 АЛЬ-ФАРАБИ – КУЛЬТУРНЫЙ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ СИМВОЛ**  
**УНИВЕРСИТЕТА: AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY**  
**Section 2 AL-FARABI IS A CULTURAL AND EDUCATIONAL SYMBOL OF THE**  
**UNIVERSITY: AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY**

<b>Абдирайымова Г.С., Вережкин А., Лифанова Т.Ю.</b> Наследие аль-Фараби и проблемы трансформации ценностного сознания современной казахстанской молодежи .....	141
<b>Аубакирова С.С., Исмагамбетова З.Н.</b> Әл-Фараби және толеранттылық мәселесі .....	146
<b>Бейсенов Б., Игисенова А.</b> Мәңгілік ел-зайырлық пен діндарлық арақатынасы .....	149
<b>Дайрабаева Г.Б., Малдыбек А.Ж., Шаднинова Г.А.</b> Толерантность и значимость науки — основные гуманистические принципы исламской цивилизации.....	157
<b>Кусаннов Д.У., Аюпова З.К.</b> Правовое наследие аль-Фараби как основа отечественной теории права .....	163
<b>Мынбаева А.К., Насимова Г.О.</b> Концепция «al-Farabi university smart city»: практика реализации прорывного проекта.....	169
<b>Молдабеков Ж. Ж.</b> Аль-Фараби об интеллектуальном потенциале человека и образования.....	172
<b>Манасова М.М.</b> Астана – толеранттылық идеясының ортасы.....	179
<b>Нұрышева Г.Ж.</b> Әбу Нәсір әл-Фарабидің «ұстаз» ілімі және Н.Ә.Назарбаевтың тұлғалық философиясы.....	182
<b>Нұрадин Г. Б.</b> Әл-Фарабидің жақұт іліміне негізделген қазақ философиясының қайта өрлеуі .....	187
<b>Сатыбалдина Т.М.</b> Место и роль вуза в духовной интеграции современного казахстанского общества .....	190
<b>Сұлтанбаева Г., Ахметов М. А.</b> Қайырымды қала – «smart city»: уақыт, дәстүр, жанашырлық, инновация феномені ретінде .....	195
<b>Сәрсембин Ү. Қ.</b> Әл-Фараби тағылымы – халық мұраты.....	200

**3 секция ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ**  
**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭТИКАЛЫҚ ДУНИЕТАНЫМЫ**  
**Секция 3 ФИЛОСОФСКИЕ И СОЦИАЛЬНО-ЭТИЧЕСКИЕ**  
**ВОЗЗРЕНИЯ АЛЬ-ФАРАБИ**

**Section 3 AL-FARABI'S PHILOSOPHICAL AND SOCIO-ETHICAL VIEWS**

<b>Аташ Б.М.</b> Әл-Фараби іліміндегі «кеністік-орын-бейболмыс» түзілімінің метафизикалық астарлары .....	207
<b>Асқар Л.А.</b> Наука логика в понимании Абу Насра аль-Фараби .....	212
<b>Алтаев Ж.А., Әлиев Ш.Ш., Құранбек Ә.А.</b> Әл-Фарабидің музыка туралы іліміндегі эстетикалық құндылықтар мәселесі.....	220
<b>Бижанова М.А.</b> Әл-Фарабидің әлеуметтік философиясындағы «кемел адам» мәселесі.....	224
<b>Байтенова Н.Ж.</b> Анахарсис-Фараби-Абай в духовном пространстве казахов.....	230
<b>Берикова А.К.</b> Понятие справедливости в социально-этической концепции аль-Фараби.....	235
<b>Бияздықова К.Ә., Қантарбаева Ж. О., Молдағалиев Б.Е.</b> Әл-Фараби шығармасындағы адамның рухани құндылықтары .....	239
<b>Баратова С.М., Баймолдина Л.О., Қалымбетова Э.К.</b> Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де маман тұлғасы қалыптасуындағы мотивация факторларын есепке алу ерекшеліктерінің жолдары .....	243
<b>Ғабитов Т.Х.</b> Әл-Фараби этикасы және қазіргі заман .....	248
<b>Есіркепова Г.К.</b> Әл-Фарабидің философиялық көзқарастарына қысқаша шолу .....	255
<b>Жолмухамелова Н.Х.</b> Истина и красота в философии аль-Фараби.....	258
<b>Құрманалиева А.Д., Құлсариева А.Т., Мейрбаев Б.Б.</b> Әл-Фараби мұрасындағы ой мен сөз сабақтастығы.....	264
<b>Құранбек Ә.А., Әлиев Ш.Ш., Тұрғанбеков С.К.</b> Түркі дүниетанымындағы «қасиетті мекен» мен әл-Фарабидің «кемел қоғам» ілімі.....	273
<b>Кемелбеков Қ.Б., Бегдаулетова Қ.Д.</b> Қазақ философиясының ой толғаулары.....	280
<b>Лукпанов А. И.</b> Политическая философия аль-Фараби.....	287
<b>Мусаева Н.Р., Мусаев Р. А.</b> Әл-Фараби шығармашылығындағы бақыт ұғымының мәні .....	294
<b>Нұрбосынова Л.С.</b> Достижение счастья как высший смысл жизни и идеал в философии аль-Фараби .....	298
<b>Өмірбекова Ә.Ө., Мұханбет Ә.Ә.</b> А.Х. Қасымжанов фарабитанушы ретінде .....	301
<b>Рысбекова Ш.С., Рысбекова Г.Е.</b> Нравственность и духовность в произведениях Абая .....	307
<b>Сатершинов Б.М., Сейтахметова Н.Л.</b> Көне заман мен орта ғасыр сұхбаты аясындағы әл-Фараби философиясы.....	313
<b>Спанов М.Ж.</b> Әл-Фараби философиясындағы бақытты адам мәселесі.....	319
<b>Хасанов Ш., Петрова В.Ф., Джаамбаева Б.А.,</b> <b>Сыргакбаева А.С., Нұрышева Г.Ж.</b> Эвристическое значение понятий «разум» и «интеллект» в философии аль-Фараби .....	325



“Сопылықтың басқа бір принципі “өлім келмей тұрып өлу” деген ұран, мұның мәні нәсіпін тілектерін рухқа толық бағындыру, ақырғы есепте “Мен” дейтін тағылық бастауларды жойылту. Біздің ойымызша, бұл принцип болмыс алдындағы парызды түйсіктеу және ақиқатқа қызмет ету қажеттілігі-дейді. “Ақиқатты іздеу” еңбегінің авторлары. [6. 80-81 с.с.]

Сопылық ағым өкілдері адам жанының құдаймен бірігуін өмірдің басты мақсаты ретінде бекітеді. Осы сопылық ағым Ғарифолла Есім атап өткендей, “казак фольклорына, мәдениетіне орасан зор әсер еткен рухани күш” болып табылады. [7. 29 с.]. Сопылықтың негіздеріне сәйкес, адам рухани өмірін байытуға тиіс. Ол жалған дүние заттарынан алшак жүруге міндетті болды. Материалды қажеттіліктен бас тартып, Аллаға жалбарынып, оның мерейінің адамға ауатытын дәріштеп, үздіксіз үміт отын арқалады. Йассауи өзінің “Диуани Хикметінде” адамның мақсаты– кемел адам деңгейіне жету деп анықтады. Сопылық ағым өкілдерінің пайымдауларында “кемел адам-өзінің құдаймен тұтастығын толық жүзеге асырған, яғни алланың сипаты мен бейнесін қабылдап, оған бүтіндей ұласқан адам” [8. 66].

Адам төнірегендегі терен ойлар Фараби философиясынан да орын алды. Ол рационалды оймен тығыз байланыстағы гуманизмді, гуманизм тұғыры-адамды ұлық тұтып, философияның басты мәселесі есебінде қарастырады. Дегенмен ойшылдың гуманистік тұжырымында адам Аллаға қарсы қойылмайды. Ол Құдай мен табиғаттың, жаратушы мен жаратылушының бірлігі аясында дамиды. Осы бірлікті әсірелеп танытатын пантеизм бағыты болды. Бұл ілімге сәйкес, Құдай мен оның жаратылысы бірегей жүйе тапты. Мұнда дін дербестігін дәріптеумен қатар, адамның ақыл-парасат күші де өз бағасын алды.

Сонымен мұсылман философтарының адам туралы, оның бақыты мен кемелділігі туралы қозғаған мәселелері интеллектуалды – этикалық сипатта болды. Адамның табиғи білімі, жүре келе дарыған білімін молайтуы әрқашан этикалық сұранысты қанағаттандыруымен жалғасуы міндетті саналды. Адамды жануарлардан бір саты жоғары қоятын себеп – оның ақыл-парасат күш иесі екендігі болса, осы ақыл-парасат күшінің салмақтығы мінез-құлық ізгілігімен толығыады. Тек интеллектуалды білімділігімен көзге түсіп, мінез әдетінің дәрменсіздігін көрсеткен адам ізгілер қатарына қосыла алмайды.

Фараби философиясының мемлекет және адам мәселесі бақыт ұғымы айналасында өрбиді. Адам қоршаған ортаны сезіммен танып қана қоймай, сонымен қабылданған заттарды болмыстың иерархиялық бітімімен жіктестіріп зерттейді. Сезімдік таным, ақылмен пайымдау жолымен қалыптасқан білім арқылы болмыстың мәнін ұғынған соң, кемелденуге ұмтылу, содан соң – бақытқа кенелу – міне, сол адам бақыты. Бақытты адам – кемелденудің шынына жеткен адам. Ал бақытты адамды тудыратын орта – ізгілікті қала, Әбу-Насыр әл-Фарабидің мемлекет туралы ілімінің айтпағы осы.

Абайдың да қырық үшінші сөзінде, “Жан қуаты деген қуат-бек көп нәрсе. бәрін мұнда жазарға уақыт сиғызбайды” деуінде үлкен мән жатыр. Өйткені, бұл қуат адаммен хайуанды ажырататын шекаралық жеке. Абай бұл қуаттың ішінде үш қуат бар дейді де, оларды орысша келтіреді: “подвижной элемент”, “притягательная сила однородного”, “впечатлительность сердца”. Адамның жан қуаты көмегімен іштегі жинағаны ақыл мен ғылым болып шығады. Абай үшін

ақыл мен ғылым адамды бақытқа, мұратына жеткізетін құралдар. Фарабидің кемел адамының сипаттары Абайдағы толық адам қырларына сәйкес.

Толық адам ең алдымен Алланы жан-тәнімен сүйетін таза мұсылман. “Махаббат пен жаратқан адамзатты, сен де сүй Алланы жаннан тәтті” дейді де, Абай “Құдай тағаланың жолы деген жол ниһаятсыз, шексіз. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман делінеді. Дүниеде түпкі мақсатын өз пайдан болса, өзін ниһаятлысың, ол жол құдайдың жолы емес” – деп ойын аша түседі. [10.141 б]. Осы жолмен жүру адам үшін бақыт. Көңіл тоқ болып, барға базар деп, жүрегінде иман гүлі шоқтап, өзін ғана ойламай, жол-жөнекей бөгдеге де жақсылық келтіре жүрсе, кісі толық адам сатысына көтеріле алады. Ендеше, бақытқа бөленген толық адам Ибн Туфейлдің Хай-Рабинзоны емес, тірі жандар қоғамдастығында өмір сүретін өзінің мақсат-мұратын ізгілікті қаланың болашағынан бөліп жармайтын Фарабидің кемел адамы. Абай мен Фарабидің сабақтасып, үйлесетін жері осы.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Әл-Фараби. Азаматтық саясат. // Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы. “Ғылым”. 1975. – 49-184б.б.
2. Әл-Фараби. Бақытқа жету жайында. // Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы. “Ғылым”. 1975. – 295-372 б.б.
3. Әл-Фараби. Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері. // Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы. “Ғылым” 1975.-185-294 б.б.
4. Семенов А.С. Философские традиции востока.-Минск. ЕГУ, 2004-304 с.
5. Томпсон М. Восточная философия. – М., Фаир-Пресс, 2000-384с
6. Касабек А., Касабек С., Искание истины: -Алматы: Ғылым, 1998.-144с
7. Есимов Гарифолла. Хақим Абай.-Алматы: “Білім”, 1995. – 192 с.
8. Нысанбаев Ә.Н. Диуани Хикмет-даналық қазынасы.// Ақиқат. 1998-№7. 6-27б.б.

#### ЭВРИСТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПОНЯТИЙ «РАЗУМ» И «ИНТЕЛЛЕКТ» В ФИЛОСОФИИ АЛЬ-ФАРАБИ

Ш. Хасанов,  
д.ф.н.,

В.Ф. Петрова,  
д.ф.н.,

Г.Ж. Нурешева,  
д.ф.н.,

А.С. Сырғакбаева,  
д.ф.н.,

Б.А. Джамбаева,  
к.ф.н.

КазНУ имени аль-Фараби

Известный ученый-философ, фарабиевед А.Х.Касымжанов считает, что учение о разуме – центральный пункт мировоззрения аль-Фараби. Оно пронизывает всю систему и метод мышления «Второго учителя», оказав наибольшее влияние на последующее развитие философской мысли в лице Ибн-